

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

УДК 373.1.02
ГРНТИ 14.25.05

ШАҒЫН ОРТАЛЫҚТА ОЙЫН АРҚЫЛЫ ТАНЫМ ҮРДІСТЕРІН, ҚОЛ МАШЫҚТАРЫН ДАМУ

Аңдатпа

Автор шағын орталықта жас ерік-жігер, әлеуметтік құзыреттілік қалыптасатын бірегей шешуші кезең деп ой қорытады. Жаңа форматтағы тәрбиеші ретінде замануи ойындарды қолданады. Ойын арқылы таным үрдісін дамытады. Қол машықтарын дамытуда атқарған тәжірибесімен бөліседі. Заманауи талапқа сай ойын түрлерін жүйелі пайдаланғанын баяндайды. Ойын арқылы еңбекке тәрбиелеймін деп тұжырым жасайды.

Аннотация

Автор считает, что в мини-центре – уникальный решающий этап, на котором формируется характер, воля, социальная компетентность. В качестве метода нового формата используются современные игры. Развивается познавательный интерес через игру. Автор делится своим опытом воспитания через игру, в частности воспитывает любовь к труду через игру.

Annotation

The author supposes that a mini-center is a unique decisive stage at which children's will and social competence are formed. Modern games are used as an "educator" of the new format. The cognitive process is being developed through the games. The author shares her experience in developing hand skills: she systematically uses modern games for upbringing values in children, namely love to work.

Тоймурзаева Г.С.,

Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
"Рудный қаласы білім
бөлімінің Міржақып
Дулатұлы атындағы
жалпы білім беретін
мектебі" КММ,
шағын орталық
тәрбиешісі

Негізгі сөздер: шағын орталық, ойындар, тәрбие, еңбекке деген сүйіспеншілік.

Ключевые слова: мини-центр, игры, воспитание, любовь к труду.

Keywords: mini-center, games, education, love to work.

Жаңаша оқыту үрдісінде шағын орталықта оқыту-тәрбиелеу жұмысында балалардың таным үрдістерін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, қол машықтарын дамытуда одан әрі күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Сондықтан заманауи ойынды үнемі кез-келген уақытта пайдалану үлкен нәтиже берері анық. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсам, содан үлкен мәнді де мағыналы істер туындап өрбитінін байқадым. Себебі, ойын бар өнердің бастауы деп білемін. Ойын - дене күш қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке т.б ғана тәрбиелеп қоймай оның ақыл-ойының толысуына, жан дүниенің қалыптасуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді.

Қазіргі таңда жас маман болсам да, ізденістен талмай, үнемі жаңалыққа ұмтылып келемін. Күнделікті сабағымда алдымдағы тәрбиеленушілер айналадағы әлемді ойын, еңбек, серуен, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде достарымен қарым-қатынас кезінде танып біледі. Осындай жетістіктерге жету үшін жаңа форматтағы тәрбиеші ретінде бүгінгі тәрбиеленуші, ертеңгі - оқушы деп қарап, баланың мінез-құлқын, сана-сезімінің жетілу дәрежесін таным үрдістерінің түйсігі, қабылдауы, ес, ойлау, сөйлеу, зейінінің дұрыс бағытта қалыптасып, дамуын қадағалап әрі дамыту менің басты міндетім деп білемін. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін дамытады [1, 6-8 б.]. Шағын орталықта - таным білім алу және дамыту үрдісі, үнемі те-

реңдетіліп және кеңейтіліп отыратын, нәтижесінде жаңа білім алынатын таным объектісі мен субъектісінің әрекеттесуі. Таным - заттардың эмоциялық мазмұнын немесе ақиқатты табу мақсатындағы заттардың күйін, жағдайын меңгеру болып табылады. Өзімнің тәжірибемде шағын орталықта балаларды қоршаған ортамен таныстыруда көбіне танымдық ойындар қолданамын. Танымдық ойындарды қоршаған ортаны, айналадағы дүниені таныстыруда мақсатты түрде пайдаланамын. Ойын дегенім - жас ерекшелікке қарамайтын, әрбір баланың көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойынтөзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздылықты, іскерлікті қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістерінің бірі. Ойынның маңызы: ақыл-ойы дамиды, қызығушылығы, белсенділігі, шығармашылығы, артады. Тұлғалық қасиеттері қалыптасады, ойын түрінде тәрбиелеу жалықтырмайды, оқу іс-әрекетін қызықты өткізуде мен үшін тиімді. Бала бойындағы жағымсыз қылықтарды, ойын арқылы тәрбиелеймін [2, 7-9 б.]. Осы орайда әріптестеріме балалардың есте сақтау қабілетін, қиялын, қабылдау қабілетін, зейін тұрақтандыруға, аңғарымпаздық, танымдық қабілетін дамытуға арналған көмек құралы ретінде төмендегі ойындар топтамасын ұсынып отырмын. Танымдылық қабілетін дамытуға арналған ойындардың бірі "Төрт құбылыс" Балалар шеңбермен тұрады. «Су» - десем қолдарын алдына созады, «ауа» десем жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса ойыннан шығарылады. "Көңілді шеңбер" ойы-

ны. Балалар шеңбер жасап отырады. Бір-біріне мұқият қарайды. Сол кезде отырған балаларға әртүрлі заттарды қыстырып қоямын: гүл, орамал, көзілдірік. Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? -деп сұраймын. Ең зейінді балаға сыйлық беремін. "Ермексазбен ойын".

Бұл балалардың қол машықтарын дамытады. Ермексаз баланы жалпы дамытатын әр түрлі қызықты ойындар өткізуге мүмкіндік береді. Балалар ермексазды қолмен жібітеді, саусақпен бөліп алады, домалатады, ширатады, ермексазды қалауынша қалыпқа келтіреді және кез-келген уақытта ермексазды бүлдіріп алам деп қорықпастан жұмысына өзгеріс енгізеді, ол өз ісіне деген сенімділік тудырады. Қазіргі дамыған технологиялар арқасында, ермексаздың жетілдірілген түрі. Ермексаздан айырмашылығы, қолға, үстелге жағылмайды, пішінді сақтамайды. Ұсақ саусақ моторикасын дамытады, агрессияны басады, шығармашылық қабілетін, тілін дамытады, қолдың бұлшықеттерін бекітеді. Өте пайдалы құрал. Сонымен қатар құм терапиясы арқылы қол машықтарын дамытуға көңіл бөлемін. Ұлттық ойындардың түрлері мен мазмұндарының әралуан болуы, танымдық т.б. мақсаттарды шешіп үйренуге жаттығуды да назарда ұстап келемін. Мысалы ойнау барысында топтасу, бірігу арқылы жеңіске жету, жеке үздікті анықтау сияқты дағдыларды қалыптастыруға арналғандығын көруге болады. Үлкен ойындарды бастау алдында үлкендерден рұқсат сұрау, бата алу, ойын шартын келісу сияқты қажетті жағдайлар да іске асырылып отырған. Мен де бата беруге үйретіп, жеңіл тапсырма беремін. Барлық ұлттардың дәстүрлі тәрбие салтында ойындар-

ды пайдалану жетекші орын алады. Ойындарды пайдалану арқылы халық этикалық, эстетикалық талғамдарын байытып, ізгі қасиеттерге жол ашып, мәдениетті болуды ұрпақ бойына сіңіріп тәрбиелеуді іске асырып отырған. Қазақ халқында «Бала ойынмен өседі» деген қанатты сөз бар. Ойын баланың ақыл-ойын дамытуды қызықтыра отырып, денесін белсенді қозғалта отырып, ойдан-ойға жетелеп, тынысын кең ашып, қиялмен қанат бітіретін ғажайып мүмкіндігі бар тәрбие құралы болып табылады. Ертегілерінде, батырлар жырында, әндері мен жырларында, тасқа қашалған белгілерінде ойынға байланысты деректер көптеп кездеседі [3, 5-7 б.].

Шағын орталықта жас ерік-жігер, әлеуметтік құзыреттілік қалыптасатын бірегей шешуші кезең. Ойын түрінде оқыту қызықты, ерекше болуы тиіс. Мектепке дейінгі балаларды осындай тәсілмен оқытуды жүзеге асыру үшін, әзірленетін ойындық білім беру технологиясы анық белгіленген және қадамдық сипатталған жүйесі бар әр түрлі ойындар болуы қажет. Тәрбиеші ретінде осы жүйені пайдалана отырып, нәтижесінде баланың сол немесе өзге де заттық мазмұны бар деңгейді меңгеретініне сенімді болуы қажет. Әрине, баланың бұл жетістік деңгейі диагностикалауды талап етеді, ал педагог пайдаланылатын технология диагностикаға сәйкес материалдарды қамтамасыз етуі тиіс. Өзімнің тәжірибемде ойын технологиясы - педагогикалық процесті әртүрлі педагогикалық ойындар түрінде ұйымдастыру. Ойын технологиясының басты мақсаты - мектепке дейінгі және балалардың даму деңгейін толыққанды мотивациялық негізін қалыптастыру үшін, дағдылар

мен қызмет шарттарына байланысты жұмыс істеу. Оның міндеттері: білім мен дағдыны меңгерудегі қажеттілікті түсінуде, баланың жеке белсенділігінің жоғары деңгейге жетуі. Баланың белсенділігі мен қызметінің нәтижелілігін арттыратын құралдары таңдау. Ойын технологиясы балаға: танымдық қызығушылықтарын және шығармашылық қуаныш «шынайы өмір» уақытында біраз өмір сүруді береді.

Ойынның аяқталуы – нәтижелердің талдануы нақты өмірдегі іс жүзіне бағытталуы тиіс. Ойын технологиясындағы басты белгісі - нақты қойылған оқыту мақсаты мен оған сәйкес келетін педагогикалық нәтижелері болып табылады. Ойын жабдығы бойынша – үстел үсті, компьютерлік, театрландырылған, сюжеттік-рөлдік, режиссерлік және т. б. Ойын технологиясының басты компоненті тәрбиеші мен балалардың тікелей және жүйелі қарым-қатынасы екені анық. Ол танымдық қызығушылығын арттырады, эмоциялық өрлеуді тудырады, шығармашылықтарын дамытуға ықпал етеді. Ойын сабақтар өте жанды, эмоциялық қолайлы психологиялық жағдайда, ізгілікті, еркіндікті, теңдікті талап етеді. Баяу балаларды оқшаулауды қажет етпейді. Ойын технологиясы арқылы балаларда өзіне деген сенімділік пайда болады деген пікірге келдім.

Тәжірибе көрсеткендей, шағын орталықтағы балалар ойын жағдайға жақындатылған шынайы өмір сүру жағдайларын, кез-келген қиындықтарға әрекет ете отырып, материалды оңай меңгереді. Ойын - балалардың шынайы ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менің» қалыптастыруға және шығар-

машылыққа, белсенділікке, өзін - өзі дамытуға мүмкіндік береді. Ойын - әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Шағын орталықта ойын технологиясын пайдаланудың маңызы зор. Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін зерделі, өз бетімен іс - әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын етіп дайындау менің де міндетім деп білемін. Шағын орталықта ойын технологиясын қолдану – әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Біркелкі ойын баланы зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Мен сол себепті «Ойын арқылы таным үрдістерін, қол машықтарын дамыту» деп өзімнің проблемалық тақырыбыма сүйенемін. Әрбір тәрбиешінің мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа баланың қызығушылығын арттыру. Сондай – ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, тәжірибемде озық технологияларды қолданудамын. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі.

Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Тиімді қолданылған ойын балалардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені шағын орталықта аңсары ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Сабақта сергіту сәтін баланың шаршағанын басу үшін ғана емес, оның тәрбиелік мәніне де назар аудару қажет [4, 10-11 б.]. Ойланды-

рып, балаға тәрбиелік мәні зор ойындар арқылы дамытуға болады. Сабақта ойын түрлерін пайдалану сабақ түрлері мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны. Ойын түрлерін оқу процесін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдалануға болады. Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдылық маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді, жеңіл келеді. Ойынды іріктеп алуға нақтылы сабақтың мақсаты, мүмкіндіктері мен жағдайларын ескеруге ерекше назар аударған жөн. «Ойыннан басталады», - десек, баланың ойын жетілдіріп, сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін тәрбиеші ретінде басты қолданатын тәсілім - ойын. Педагогикалық ойынның маңызы зор. Ойын біріншіден, білу және үйрену, екіншіден, адамның ойнай отырып, өзіндік білім алуы өмір тәжірбесін жинақтауға көмектеседі. Ойынның кәсіптік, әуестену, оқу-жаттығу ойындары сияқты түрлері бар. Ол дем алу, көңіл көтеру бола тұра оқуға, шығармашылыққа, емдеуге, адам қарым-қатынасының типтерінің модельдеріне, еңбекте көрініс табады. Балалардың қызығып ойнайтын ойыны «Адасқан айлар». Төрт қорап дайындайсыз. Әр қорап сыртында жыл мезгіліне сай сурет болады, ай аттарын ауыстырып саласыз, оқушы әр айды жыл мезгіліне сай тауып салады. Бұл ойынды уақытпен ойнатуға болады. Ойын баланың тез қимылдау дағдысын қалыпта-

стырады [5, 12-13 б.]. Мен баланың ай аттарын, жыл мезгілін есінде қалай сақтағанын бақылаймын. «Сымсыз телефон» ойыны.

Осы ойын арқылы шағын диалогты ойнатуға болады. Бұл ойын баланы дұрыс мәдениетті сөйлеуге үйретеді, сөздік қорын бағалауға мүмкіндік береді. Үлкен бір модульді аяқтаған кезде нәтиже сабақта «Қоржынды кім тез шешеді?» деген ойын ойнаймыз. Үш қатар болса үш қоржын дайындайсыз. Әр қоржында аударма жұмысы, сөз тіркесін ауызша айту, модульге сәйкес грамматикалық тапсырма, диалог болады. Қай топ тез дайындалып, дұрыс айтып шығады. Бұл ойынды мен белгілі бір модуль бойынша баланың қандай деңгейде меңгергенін тексере аламын. Мысалы: жануарлар атауларын жақсы естерінде сақтап қалулары үшін мынандай ойын түрін жүргіземін. «Адасқан малдар» ойыны. Төрт түлік малдың суреттері тақтада ілулі тұрады және суреттердің қасында жануарлардың өз төлдері суреттелмеген. Сонымен балалар төрт түлік малдың қозысын, ботасын, бұзауын, құлынын тауып тақтаға шығып жазады. Бұл ойын балалардың тез ойлану, дұрыс жазу дағдыларын қалыптастырады. Сабақ сапасы жақсарады, қызығушылығы артады, логикалық ойлай білуге ұмтылдырады, тәртіп сақтау қабілеті, есте сақтау қабілеті қалыптасады. Ойындардың сапалылығы: Ойын барысында грамматикалық анықтамаларды, тілдік нормаларды игерту мүмкіндіктері мол болады. Сабақта тәрбиешінің диктаторлық рөлі жойылып, балалар серіктестікке, ынтымақтастыққа, бірігіп жұмыс істеуге деген қызығушылықтары артады.

Ойын барысында баланың адамгер-

шілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойын арқылы шағын орталықтағы баяу балаларды да сабаққа нәтижелі тартуға болады. Ойын үлгісінің технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды [6, 15-16 б.]. Ал бүгінгі ғасыр, ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ. А. С Макаренко «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады», - деген. Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу – бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асыралады. Ойын – балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі. Ойын әрекеті мазмұнынан әлеуметтік сипаты баланың қоғамдық өмір сүретіндігімен байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап – ақ маңайындағылармен қарым-қатынас жасауға ұмытылады, соның арқасында жасау құралы, күш қуаты тілді біртіндеп меңгереді. Ойын - бала әрекетінің негізгі түрі.

Ойын ойнағанда бөлме теңіз де, ұшақ та темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзінде де сөйлесіп жүреді. Сондықтан, ойын барысында тілдесім үлгісі қалыптасады. Бала өміріндегі ойынның мәні ерекше. Себебі, бала дүниеге алғашқы қадам басардағы әрекеті ойын болып табылады. Жас буынның өмірді тануы, еңбекке араласуы, психологиялық ерекшеліктері де осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынның өзіндік шартты түрдегі мақсаты бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы жасалатын іс-әрекеттегі баршасы бала үшін өте қызықты. Балаларға ақыл-

ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі осы ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да – ойын әрекеті болып саналады. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойынның негізгі ерекшелігі - балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойынның, негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі. Ойынның түпкі ниеті - бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы.

Мысалы: заманауи ойындар: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы» бұлар қызықты ойын. Ойын жөнінде айтылған барлық философиялық көзқарастар әлем мәдениетімен тығыз байланысты. Ойын - өмірдегі, іс-әрекеттегі пайдасыз және сонымен қатар аса қажетті маңызды құбылыстардың бірі болып табылады. Осы

теориялардың арасында К. Гросстың теориясы көпке белгілі. Ол ойынды баланы болашақ іс-әрекетке даярлау қызметін атқарады, сондай-ақ сол ойында жаттыға отырып, өз қабілетін жетілдіреді деп қарастырды. Бұл теорияның құндылығы, ойынды дамумен байланыстыруында, ал кемшілігі – ойынға итермелейтін себеп, мотивтерді ашпайды. В. Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», - деген ой айтады. Ойынның, әсіресе балалардың психологиясына тигізетін әсері көп, ойын кезінде балалардың ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, мінез-құлқы қалыптасады, ойынның сан алуандылығы балаларды достыққа, адамгершілікке, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулиды. Ойын баланың қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылай түседі. Бала бақылау, оқыған кітап, естіген ертегі арқылы айналасын таниды. Олардың түсінігі алғашқы кезде айқын болмайды.

Өзімнің тәжірибемде баланың

түсінігін дидактикалық ойындар арқылы нақтылап, дамытып саналы түрде түсінуін өрістетемін. Мысалы, бір заттың түсін атаңдар? Бояудың қандай түрін білесіңдер? Үй жануарларының үшеуін атаңдар. Бала ойын арқылы әр затқа байланысты жаңа білімді меңгеріп, түсінігін тиянақтайды. Әрбір ойын ойлай білуге баулып, сөздік қорын өсіреді, ақыл - ой қызметін қалыптастырады. Ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді жеңіл келеді. Сондықтан дидактикалық ойынды іріктеп алуға нақтылы сабақтың мақсаты, мүмкіндіктері мен жағдайларын ескертуге ерекше назар аударған жөн. Күнделікті өмірде тәжірибемде – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын - айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, дене шынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементерін пайдаланудың маңызы өте зор. Кез - келген ойын элементі сабақта екі түрлі мақсатқа бағытталады. Ойнай отырып, білім көрсеткішіне өз үлесін қосады. Қорыта айтқанда, кез - келген ойын түрлерін ойнатқанда іс - әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Нәтижесінде тәрбиеленушілер ой - өрісін ойын арқылы дамытады деген сенімдемін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. "Отбасы және балабақша" журналы. Жұмабекова Г. Баланың танымдылығын ойын арқылы дамыту. № 5, 2020 ж. - 6-8 бет.
2. "Балбала" республикалық журналы. № 6, 2021 ж. - 7-9 бет.
3. Бастауыш сынып. № 2, 2021 ж. - 5-7 бет.
4. Жаңа білім журналы. Шағын орталықта қол машықтарын дамытудағы әдіс-тәсілдер. № 8, 2021 ж. - 10-11 бет.
5. Жасыл алма облыстық газет. № 6, 2021 ж. - 12-13 бет.
6. Қазақстан мектебі республикалық журналы. № 2, 2021 ж. 15-16 бет.